



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

ISSN 2074-899X



9 772074 899002

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№26-27

(858-859)

2 шілде

2021 жыл

28 МАУСЫМ – БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ



ӨЗЕКТІ ПІКІР

ЖУРНАЛИСТ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРЕМІЗ!



28 маусым – Бұқаралық ақпарат қызметкерлері күні. Төл мерекемізге орай, ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жас журналистерге арналған шеберлік сағатын өткізді. Жиынға журналистермен қатар, танымал медиа сарапшылар, қазақ журналистикасының ардагерлері қатысты. Жас тілшілерге арналған ашық сабақта қазақ журналистикасының қайраткері, Парламент Сенат депутаты Нұртіре Жүсіп өзекті мәселе көтеріп, салмақты ой өрбітті.

XV ғасырда кітап шыққан. XVI ғасырда газет шыққан. XVII ғасырда журнал жарық көрсек, XX ғасырда радио мен телевизия ақпарат кеңістігінде қанат жайды. XXI ғасырда коммуникация құралдарын бір арнаға тоғыстыратын интернет пайда болды. Германиядағы бір басылымының редакторы «Интернет жақсы журналисті ұшпаққа шығарады, жаман журналисті шыңырауға құлатады» депті.

(Жалғасы 3-бетте)

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Естеріңізде болса, былтыр осы уақытта ковид күшіне мініп, өлім-жітім көбейіп кеткен еді. Биыл да мәз емес. Үнді, яғни «дельта штамы» деген пайда болды. Дәрігерлердің айтуынша, індеттің бұл түрі COVID-19 сияқты емес. Өте өткір, жұғымтал, өлім-жітім көрсеткіші көп, зардабы ауыр болатын сияқты. Үндістан жұрты бірнеше ай бұрын ғана осы «дельта штамынан» жаппай қырылған жоқ па?

Індет таралды. Енді мұның алдын алатын амал, шығар жол бар ма? Мәселе осында. Мамаңдар мұның жалғыз жолы екпе алуда дегенді айтып жатыр. Бірақ бүгінгі күнге дейін еліміз бойынша шамамен 3 млн адам екпе салдырыпты. Бас санитар дәрігер Айжан Есмағамбетованың мәлімдеуінше, вакцина алған 1500 адам қайтадан індет жұқтырыпты. Бұл жалпы егілгендердің 0.05 пайызы деген сөз. Демек қоғамда айтылып жүрген алып-қашпа әңгімеге орын жоқ. Біз халық әлі түсіне қоймаған үнді штамының табиғаты қалай, зардабы қандай, вирустан қалай сақтануға болады деген сауалдарды невропатолог дәрігер Қайырғали Қонеевке қойдық.

Қайырғали ҚОНЕЕВ:

ЕКПЕ АЛУДЫҢ ПАЙДАСЫН ХАЛЫҚҚА САУАТТЫ ТҮРДЕ ТҮСІНДІРУ ҚАЖЕТ



Jas qazaq: Қайырғали мырза, Алматы қайтадан «қызыл аймаққа» кірді. Коронавирустың мутацияға ұшыраған түрлері пайда болды. Мысалы, үнді штамын айтуға болады. Ол каншалық қауіпті? Ауру белгілері қалай?

К.Қонеев: Үнді штамы өте қауіпті. Тез таралады, тез жұғады. Өйткені бұл клетканың ішіне тез кіріп, адамның қарсылық қуатын төмендетеді. Содан кейін, бұл вирустың табиғаты бөлек болғандықтан, бұрынғы ауырған адамдарға да, екпе алған азаматтарға да жұға береді екен. Әдетте коронавирус жұқтырған адамдардың 70 пайызы симптомсыз ауыратын болса, үнді штамымен симптомсыз ауру деген болмайды. Тіпті балалар да осы вируспен ауырып жатыр. Есіңізде болса, әдеттегі коронавируспен жас балалар көп ауырмайтын еді ғой. Үнді штамы олай болмай тұр. Нақтырақ айтқанда, 12-14 жас аралығындағы балалар үнді штамымен ересек адамдар сияқты ауырып жатыр. Демек бұл қауіпті, әрі өте жұғымтал вирус деген сөз.

«Дельта штамының» белгілері COVID-19-дан біршама бөлек. Ковидтегі сияқты дәм мен иіс сезуден айырылу сынды белгілер жоқ. Сондықтан болса керек, жұрттың көбі оны тұмаумен шатастырып алады да, ковидке шалдыққанын өздері де сезбей қалады.

(Жалғасы 3-бетте)

ФОТОШОК

КЕРУЕН-САРАЙ: СЫРЫ КӨШТІ, СЫНЫ ШЕ?



Қазір жақсы хабар да, жағымсыз ақпарат та тез тарайды. Көктемде ғана Түркістанда ашылған Керуен-сарайдың көркі көз тартып, келушілерді арбап алып еді. Жұрт сол кезде мұны Венецияға теңеген. Екі ай өтпей, мақтаулы нысанның кем-кетігі көрініп қалды. Өткенде әлеуметтік желіде сарай қабырғасының пенопластпен қапталғаны туралы видео тараған. Ол кезде кешен басшылары қазір бүкіл әлемде құрылыс нысаны осындай материалмен қапталатынын айтып ақталды. Осы аптада сарайдың

қабырғасы мен төбесінің жарылып, құлап жатқаны туралы видео пайда болды. Бұл жолы Түркістан облысы әкімінің орынбасары Сәкен Қалмақанов Facebook парақшасында: «Әлеуметтік желі пайдаланушыларынан жалған ақпарат таратпауды сұраймын. Нысан жеке инвестициялар есебінен салынғанын еске салайын. Құрылыстың сапасына инвестор жауап береді», – депті. Салынып бітпей сықпыты қашқан сарайдың жыры мұнымен бітпейтін сияқты.



БИРЖАМЕТР



МУНАЙ (brent)
74,9



DOLLAR
426



EURO
506



РУБЛЬ
5,8



Өзекті пікір

(Басы 1-бетте)

Өте дұрыс айтылған. Интернетте көп нәрсе бар. Қазір жаңа медиа мен дәстүрлі медиа туралы салыстырмалы сөз көп. Біреулер екі медианың арасында тартыс бар дейді, біреулер бәсекелестік дейді, біреулер дәстүрлі медианы жаңа медиа жұтып қояды дейді. Көптеген әңгіме бар. «Газеттің күні бітті, күні санаулы, енді 10-20 жылдың ішінде қағаз газет құритын шығар» деген әңгіме де айтылады. «Өлетін» мамандықтың иелері ретінде, бізге мұндайды есту өте ауыр, жанымызға батады. Ойланамын. Жарайды, жаңа технология келді, смартфон қолымызда тұр. Бірақ газеттің орны бөлек.

Айтпақшы, қайсыңыз күнде таңертен газет оқисыздар? «Қазправданың» ұзақ жыл Бас редакторы болған Александр Тараков «Газетте бір иіс бар. Ондай иіс телевидениеде, радиода, интернетте де жоқ» дейді. Сол айтқандай, газеттің өзінің бір құдіреті бар еді. Газеттің адамзат баласындағы орны мен қазақ қоғамындағы өзіндік орны бар еді. Газет оқу мәдениеті қалыптасқан ел едік.

ЖУРНАЛИСТ
МӘРТЕБЕСІН
КӨТЕРЕМІЗ!



Қазір теледидардың «жұлдыздары» көп. Олар қаншама хабар жүргізеді. Қаншама бағдарлама жасайды. Оны смартфон арқылы көресіздер, Инстаграм және Youtube, Фейсбук арқылы қарайсыздар. Бірақ газет оқымағандарыңыз біздің жанымызға батады. Газетті серік етпегендеріңіз біз сияқты алдыңғы буын аға журналистердің жүрегіне ауыр салмақ. Бәлкім, уақыт жетпейтін шығар. Бәлкім, газет-журнал ескіліктің ақпарат құралына айналған шығар. Солай ойлайын десен, технологиясы дамып кеткен Жапония, Оңтүстік Корея, Кытай, Америка көз алдымызда тұр. Бәрі жаңа технологияны қолданады. Бірақ оларда газет шығып жатыр. Жапонияда таңертен, кешке екі рет шығатын газеттер бар. 90 мың тиражбен таралады. Солар газет оқып отыр. Сонда олар ескіліктің адамы ма? Ескілікте жүр дейін десен, олар газет оқиды. Жапондар ғана емес, корей мен орыстар да газет оқиды. Еуропалықтар да жаппай газет оқиды. Түркия да солай. Қазақстан ғана газет оқымайды. Сонда осы газеттің ешкімге керегі болмай қалғаны ма? Әлде, шынымен, өз тілімізді өлтіруге өзіміз жұмыс істеп жатырмыз ба? Әрине, бұлай жалғасып кете берсе, газет тығырыққа тіреліп, тұншығып қалатын кезге де келеді.

«Жас Алаштың» редакторы болған кезімде, бір өкімге хат жазып, тиражға көмектес деп айтқан емеспін. 6 мың таралымды 87 мың тиражға жеткіздім. Жұрт оқиды. Қазір де «Жас Алашты» оқиды. «Жас Алашты» пандемия кезінде де, картоп, сәбіз қымбаттағанда да, оны оқитын оқырман сатып алып оқиды. «Жас Алаштың» өзінің оқитын категориясы бар. Тым болмағанда, 7 мың адам соңғы көйлегін, болмаса, шапанын сатса да, оқиды. Қалыптасқан дәстүрлі оқырманы бар. Олар өліп, олардың орнына баласы немесе немересі қалса да, газет оқиды. Өйткені олар атасының газет оқып отырғанын көрген, сондықтан газет оқитын шығар деп ойлаймын. Бәлкім, қателесуім де мүмкін. Алаш арыстары газет шығарды. Егер олар келте ойласа, газет шығармас еді. Бәлкім, ол заманда интернет болмағандықтан, газетке деген тәуелділік болған шығар? Интернет дамып тұрған күннің өзінде озып кеткен мемлекеттер қағаз газет оқиды да, озған елдердің қатарына қосылайық деп талпынып отырған Қазақстан ғана газет оқымайды. Неге? Менде осындай сұрақтар бар. Мұның жауабын іздедім, бірақ таба алмадым. Әлемде ең соңғы газет қалғанша, қағаз газет шыға береді деп ойлаймын.

Нұрғөре ЖҮСП, Сенат депутаты

Бір жаңалық оқыдым. Теледидарда жұлдыз болып жүргендер көп. Аттары дүрілдеп тұр. Бұдан кейін телеарнаға робот жүргізушілер келеді екен. Ал не істейсіңдер? Газет те қалады. Оны поштамен жеткізуі мүмкін. Болмаса, тойда ет орауға жарайтын шығар. Әйтеуір, бір көдеге асады. Ең жедел хабар таратады деген радионың өзі арнайы сайт ашып жатыр. Мұның бәрі жаңа технологияның «жемісі».

Бұрын бір үйде бір «домашний» телефон деген болатын. Қазір сіздерде бар ма? Сол телефонмен сөйлесесіздер ме? Талай үйлерде сол телефон өзімен-өзі тұр. Бәлкім, біреу телефон соғып қалатын шығар деген үмітпен ғана қозғамаймыз. Ол да ағымнан қалып барады. Теледидарды үйде емес, түзде жүріп көре беретін жағдайға келдік. Оған арнайы пакет сатып алып, жүйеге қосып, ақшасын төлемей-ақ, өзіңіздің телефонынан әлемнің барлық жаңалығын көретін жағдайға жеттік. Демек теледидардың да күні санаулы. Күндердің бір күні осылардың ортасынан басқа бір медиа пайда болады. Сол кезде бәріміз жұмыссыз қалатын шығармыз.

Газеттің электронды нұсқасы — газет емес, ол — сайт. Газетті қолға алып, астын сызып, қиып алып, сақтап оқиды. Бұл — нағыз оқырманның ісі. Батыс Қазақстан облысында тұратын бір кісімен таныстым.

Жедел сұхбат

(Басы 1-бетте)

Іш өтудің орнына адам тамақтан ұланған сынды ауырады. Дәрігерлер аурудың төрт жаңа белгісін анықтады. Іштің өтуі, есту қабілетінің бұзылуы, асқазанның ауырсынуы және қанның ұюы сияқты симптомдары бар.

Қайырғали ҚОНЕЕВ:

ЕКПЕ АЛУДЫҢ
ПАЙДАСЫН ХАЛЫҚҚА
САУАТТЫ ТҮРДЕ
ТҮСІНДІРУ ҚАЖЕТ



Инкубациялық кезеңі 7 күнге созылады. ДДСҰ-ның мәліметіне сүйенсек, «дельта штамы» әлемнің 90-нан астам елінде анықталып отыр. Жақында ғана оның 74 мемлекетте аса жылдамдықпен таралғаны белгілі болды. Сондықтан мамандар бұл дерттің өте тез дендейтініне алаңдаулы.

Jas qazaq: Мамандар да бұл вирустың тез жұғатынын, өткір екендігін айтты. Үнді штамын қалай емдеу керек?

Қ.Қонеев: Бұл штамды емдеудің бөлек ем-дом шарасы жоқ. Коронавирусты қалай емдесек, мұны да солай емдейміз. Ем-шара протоколы бірдей. Тек бұған адамдар әдеттегі ковид сияқты жеңіл қарамауы керек. Аса жұғымтал екенін айттым ғой. Демек көпшілік орынға баруды қысқарту, той-томалақты, ас-жиынды азайту қажет. Олай болмағанда, індетті тізгіндеуге халықтың өзінің ерік-жігері болмай қалады.

Сингапур мамандарының айтуынша, үнді штамы COVID-19 пандемиясынан да асып түсуі мүмкін. Швецияда үнді штамына шалдыққандардың саны алғашқы бес күннің ішінде 70 пайызға жеткен. Румынияның

қарапайым әрі халықтың көкейіндегі нақты сұрақтарға жауап беріп, қоғамдағы алып-қашпа әңгімелерге нүкте қойған дұрыс. Екпені кім үшін, не үшін аламын деген сауал әрқайсымызда болуы керек.

Jas qazaq: Вакцина алған адамға да, алмаған адамға да вирус жұғады дейді. Қарапайым халықтың пікірі: вирус жұқса, ондай екпені алып қажеті қанша дегенге саяды. Дәрігер ретінде айтыңызшы, онда вакцина салдырудың не қажеті бар?

Қ.Қонеев: Вакцинаны ең алдымен өзің үшін, содан кейін үйіңдегі кәрі ата-анаң үшін, балаларың үшін аласың. Үлкен кісілердің жасына байланысты екпе алу қауіпті. Бірақ қатердің алдын алғыңыз келсе, кәрі әкешешенізге вирус жұқпасын десеніз, сіз де екпе алыңыз!

Екпе үндінің «дельта штамынан» қорғамайды. Осыны түсініп алыңыз. Бірақ ауру жеңіл өтеді. Оның үстіне, бәріміз екпе алсақ, жалпы иммунитет қалыптасады. Сол үшін екпе алған дұрыс.

Jas qazaq: Былтыр осы індеттің кесірінен талай асыл азаматтарымыздан айырылып



вакцина жөніндегі ұлттық комитетінің басшысы Валериу Георгицэдін сөзінше, коронавирустың төртінші толқынын осы үнді штамы туғызуы мүмкін. Өйткені ол өте қауіпті вирус.

Jas qazaq: Қазір тойхана, кафе, демалыс орындары ашық жұмыс істеп, күнде той болып жатыр. Содан кейін Үндістаннан студенттер де келуде. Оларды оқшаулау жағы кемшін сияқты. Себебі вирус таралып кетті.

Қ.Қонеев: Үнді штамы дүниенің төрт бұрышына түгел таралды. Үндістаннан келетін студенттерден ғана жұғады деу қате пікір. Басқа елдерден келіп жатқан туристерден де жұғуы мүмкін. Оның үстіне, Қазақстанның ішінде де кен таралды. Енді не істеу керек? Бізде мұның алдын алатын бір ғана жол бар. Шекараны тарс жабу керек. Кіріс-шығысты азайтқанда ғана үнді штамы төмендейді. Осылай сақтанғанда ғана екі-үш айда ауру көрсеткіші азаяды. Әйтпесе, індетті асқындырып аламыз. Бұл «дельта штамы» ойнайтын вирус емес.

Jas qazaq: Екпе алудан әлі сылбырлық танытып отырған елдердің қатарында екенбіз. Неге? Екпеге сенбеуден бе, әлде түсіндіру жұмыстары кемшін бе?

қалдық. Бірақ халық әлі бейқам. Тіпті коронавирусқа сенбейтіндер әлі табылады. Неге? Індет қаупін халыққа толық жеткізе алмай жатырмыз ба, әлде басқа себебі бар ма?

Қ.Қонеев: Мұның себебі көп. Денсаулық сақтау министрлігіндегі қоғамдық кеңестің ішіне дәрігерлерді емес, қоғам қайраткерлерін кіргізу керек. Былтырдан бері халықтың дәрігерге деген сеніміне селкеу түскені анық қой. Екпені қоғамға кенінен насихаттау, жалпыға түсіндіру үшін қоғамға белгілі адамдарды, халық әртістерін, жазушылар мен спортшыларды, танымалы тұлғаларды пайдалану қажет. Сондай сыйлы адамдар баспасөз арқылы халыққа түсіндірсе, онда елдің екпеге деген көзқарасы өзгереді еді.

Еуропада екпені аламыз, алмаймыз деп жатқан адамдар бар. Бірақ салыстырып қарасаңыз, екпе алғысы келмейтіндер бізден әлдеқайда аз. Ол жақта екпе алатын орталықтарда халық кезек күтіп тұрады. Ал бізде басқаша. Екпені адам өзі үшін алмай ма? Оған көлік ойнатып, пәтер беріп жарыстырудың қажеті қанша? Шетелде коллективтік иммунитетті екпе арқылы көтереді.

Жарас КЕМЕЛЖАН

Жастар Шымкенттегі индустриалды аймақтардағы кәсіпорындарда азаматтарды жұмыспен қамту мақсатында қалалық жұмыспен қамту орталығы, «Shymkent» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы өзара бірлескен меморандумға қол қойған болатын.

Қазіргі уақытта қаладағы индустриалды аймақтарда («Оңтүстік», «Тассай») 74 кәсіпорын іске қосылып, жалпы 5500-ге жуық жұмыс орны ашылған. Ал биылғы жылдың соңына дейін 500-ге жуық адамды жұмыспен қамтитын тағы 9 кәсіпорынның құрылысы іске қосылады деп жоспарланып отыр.

Осыған орай, жұмыспен қамту орталығы өкілдері «Тассай» индустриалды аймағында орналасқан ең ірі зауыттардың бірі – «Asia Trafo» ЖШС-нің басшысымен кездесіп, алда атқарылар шаруаларды талқылады.

Мемлекеттік бағдарламаның тиімділігіне қызығушылық танытқан кәсіпорын басшылығы алдағы уақытта аталған зауытқа жұмыскерлерді, жастар арасындағы 100-ге жуық техникалық мамандық иелерін «Жастар» практикасы, «Әлеуметтік жұмыс орындары» бағыттары бойынша мемлекет есебінен ақылы жұмысқа қабылдау жөнінде келіссөз жүргізді.

тапқан ол жастарды бағдарламаға қатысуға шақырады.

Алёна Әділбекова «Енбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында кәсіптік-техникалық мамандарды даярлайтын қысқа мерзімді оқыту курсынан өтіпті. Алдымен Шымкент қалалық жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз мәртебесімен тіркеліп, 3 айлық «Тырнақ әрлеу шебері (*маникюр*)» мамандығы бойынша білім алады. 1 ай теориялық білім



Есеп-қисап саласының жас маманы Амангүл Орынбасарова: «Жұмыс тәжірибем жоқ болған соң, қолыма диплом алғаннан кейін жұмыссыз қаламын деген ой мазалады. Бірақ «Жастар практикасы» бағдарламасы жайында біліп, жұмыспен қамту орталығы мамандарынан кеңес алып, олар мамандығым бойынша бірнеше жұмыс орнын ұсынды. Мемлекеттік бағдарламаның арқасында қазір жақсы ұжымда жұмыс істеп, ең бастысы, мамандығым бойынша тәжірибе алып, шыңдалып келемін», — дейді.

Шымкент қаласының тұрғыны Ғалия Зайдинова «Енбек» бағдарламасының II бағыты бойынша былтыр қайтарымсыз мемлекеттік грантка қол жеткізген. Жас маман алдымен қалалық жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркеледі. Содан кейін «Бастау бизнес» оқу курсын тәмамдап, сертификатқа ие болған. Үміткер қайтарымсыз грант алу үшін, комиссияға оқу орталығын ашу бойынша бизнес-жоспарын ұсынады. Нәтижесінде жобасы мақұлданып, қараша айында 200 АЕК (555 650 тг.) көлемінде грант ұтып алды.

24 жастағы ағылшын тілі маманы Ғалия Зайдинова қазіргі таңда оқу орталығында 15-ке жуық шәкіртке ағылшын және орыс тілінен сабақ беруде. Алдағы уақытта қала аумағында бірнеше оқу орталықтарын ашуды жоспарлап отыр.



жоспарланған. Жыл басынан бері 800-ден астам жас аталған бағдарламамен түрлі мекемелер мен кәсіпорындардан тұрақты жұмыс орнын тауыпты.

Шымкентте биыл бағдарлама бойынша 2500 адамды оқыту жоспарлануда. Былтыр қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға 2000 адам жолданып, 1990 азамат оқуын тәмамдаған соң куәліктерін алған. Нәтижесінде, 1590 адам жұмыспен қамтылды.

«АЛТЫН ТҮЙМЕ» ЕКІНШІ РЕТ БҰЙЫРДЫ

Шымкент қаласы 2020–2021 оқу жылының II жартыжылдығында «Күнделік» жүйесінде белсенділік

ЖАСТАР ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Шымкент қалалық жұмыспен қамту орталығының директоры С.Абдуллаев: «Жастарды жұмыспен қамтуға бағытталған мемлекеттік саясат жұмыссыздық мәселесін шешуге септігін тигізеді. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін азайту үшін барлық шараларды қолға алып, іске асыру қарқынды жүріп жатыр. Осы орайда, бүгінгі өзара келісім шаруасы да «Жастар практикасы» бағдарламасы арқылы жұмыссыз жастарды жұмыспен қамту шараларына тартуға бағытталып отыр», — делі.

«Asia Trafo» — «Alageum Electric» компаниясы — қазақстандық холдинг құрамына кіретін трансформаторлық жабдық өндіретін ең ірі зауыттардың бірі.

Жалпы жыл басынан бері Шымкент қаласында 9 мыңнан астам адам тұрақты жұмысқа орналасқан. Оның ішінде 175 азамат әлеуметтік жұмыс орындарына барса, «Жастар практикасы» арқылы 900-ге жуық жас түрлі мекемелер мен кәсіпорындарға жолдамен жіберіліп, екі қолға бір күрек тапты.

Шымкентте «Жастар практикасы» бағдарламасы арқылы жастарды жұмыспен қамту белсенді жүзеге асырылуда. Аталған бағдарламаның жемісін көрген жастардың бірі — Акерке Әбсаттар. Жас маман жоғары оқу орнын «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша тәмамдаған. Әлеуметтік желіден «Жастар практикасы» туралы хабарландыруды көріп, жұмыспен қамту орталығына жұмыссыз ретінде тіркеледі. Кейін «Фемида» колледжіне жастар практикасы бағдарламасымен 6 ай мерзімге жұмысқа тұрды.

Шымкент қаласында «Енбек» мемлекеттік бағдарламасы арқылы жастарды жұмыспен қамту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді.



Бағдарламаның үшінші бағыты — жастар практикасы жоғары оқу орындары мен колледж түлектерінің менгерген мамандығы бойынша бастапқы жұмыс тәжірибесін алу мақсатында ұйымдастырылған.

Бағдарлама аясында бүгінде жас түлектер жұмыспен қамтылып, еңбек тәжірибелерін арттыруда.

Сондай жастың бірі — Әділет Базарбай. Жас маман «Радиотехника электроника және телекоммуникация» мамандығы бойынша колледжді бітіріп, жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз ретінде тіркелген.

«Енбек» бағдарламасы арқылы «Қазақтелеком» АҚ Оңтүстік аймақтық телекоммуникация дирекциясы филиалының жас маманы атанды. Қалалық жұмыспен қамту орталығы жастар практикасы шеңберінде жұмыс

алып, 2 ай тәжірибе жинаған жас маманға тегін білім беріліп, ай сайын 17 мың теңгеге жуық шәкіртақы төленген.

Жас маман Алёна Әділбекова: «Қазіргі таңда қыз-келіншектердің арасында маникюр қызметі үлкен сұранысқа ие. Бұл іспен айналысу өзіме қатты ұнайды. Қысқа мерзімді курс арқылы «Территория профессионалов» студиясында шеберлікті менгеріп, қолыма куәлік алдым. Оған қоса, осы студияда тұрақты жұмысқа орналастым. Шәкіртақыға керекті құрал-

Е С Е П - Қ И С А П С А Л А С Ы Н Ү Ң Ж А С М А М А Н Ы А М А Н Г Ү Л О Р Ы Н Б А С А Р О В А : « Ж Ұ М Ы С Т Ә Ж І Р И Б Е М Ж О Қ Б О Л Ғ А Н С О Ң, Қ О Л Ы М А Д И П Л О М А Л Ғ А Н Н А Н К Е Й І Н Ж Ұ М Ы С С Ы З Қ А Л А М Ы Н Д Е Г Е Н О Й М А З А Л А Д Ы. Б І Р А Қ « Ж А С Т А Р П Р А К Т И К А С Ы » Б А Ғ Д А Р Л А М А С Ы Ж А Й Ы Н Д А Б І Л І П, Ж Ұ М Ы С П Е Н Қ А М Т У О Р Т А Л Ы Ғ Ы М А М А Н Д А Р Ы Н А Н К Е Ң Е С А Л Ы П, О Л А Р М А М А Н Д Ы Ғ Ы М Б О Й Ы Н Ш А Б І Р Н Е Ш Е Ж Ұ М Ы С О Р Н Ы Н Ұ С Ы Н Д Ы. М Е М Л Е К Е Т Т І К Б А Ғ Д А Р Л А М А Н Ү Ң А Р Қ А С Ы Н Д А Қ А З І Р Ж А Қ С Ы Ұ Ж Ы М Д А Ж Ұ М Ы С І С Т Е П, Е Ң Б А С Т Ы С Ы, М А М А Н Д Ы Ғ Ы М Б О Й Ы Н Ш А Т Ә Ж І Р И Б Е А Л Ы П, Ш Ы Ң Д А Л Ы П К Е Л Е М І Н », — Д Е Й Д І.



Былтыр аталған мемлекеттік бағдарлама шеңберінде 7722 адам жаппай кәсіпкерлікті дамыту шарасына қатысқан. Оның ішінде 74 адам шағын несие алса, 4828 адам қайтарымсыз мемлекеттік грантка қол жеткізді. «Бастау бизнес» жобасына 2820 адам жолданып, оқу курстарында білім алған.

Мемлекеттік бағдарламаның мақсаты — азаматтардың қабілеті мен қызығушылығына, мүмкіндігіне қарай жұмысшы мамандығына даярлау, өз мамандығы бойынша жұмыс таппай жүргендерді қайта оқытып, кәсіптік біліктілігін көтеру. Бүгінде қалалық жұмыспен қамту орталығында жұмыссыз азаматтар үшін дизайнер, кондитер, тігінші, автоэлектрик, тас қалаушы, кран машинисі, визажист, шаштараз, аспаз сынды 30-дан аса мамандық тізбесі бекітілген. Оқу мерзімі — 3 ай, 2 ай тәжірибе. Аптасына 6 күн, күніне 6 сағат оқиды. Ай сайын шәкіртақы төленіп отырады. Оқу курстары топтардың жинақталуына қарай жүзеге асырылады.

Оқуға қатысуға үміткерлер қалалық жұмыспен қамту орталығына келіп, тиісті заңнамаға сәйкес төмендегі құжаттарды тапсыруы қажет:

1. Жеке басын куәландыратын құжат;
2. Енбек кітапшасы (*болған жағдайда*);
3. Білім туралы құжаттың (аттестат, куәлік, диплом, сертификат) көшірмелері;
4. №907 бұйрықпен бекітілген денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттамасының №086-У нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтаманың көшірмелері катысушылардың

құрамына қосу туралы шешім қабылдағаннан кейін қосымша ұсынылады (*көшірме*).

5. 20 сандық банк шоты (*Jusan Bank*)

Шымкент қалалық халықты жұмыспен қамту орталығының баспасөз қызметінің басшысы Мая Әлібжанованың айтуынша, «Жастар практикасы» уақытша жұмыс орны болып есептелінеді. Бұл — жас мамандар үшін тәжірибе жинақтап, жұмысқа орналасуға зор мүмкіндік. Аталған бағдарламаға 29 жастан аспаған «жұмыссыз» мәртебесі бар және соңғы үш жыл ішінде (*2019, 2020, 2021 ж.*) жоғары оқу орындары мен колледждердің түлектері қатыса алады. Жалақысы 25 АЕК (*72 925 тг.*) құрайды. Бұл бағдарламаға тек бір рет қатысуға болады.

Шымкентте жыл соңына дейін «Жастар практикасымен» 2500 адамды жұмыспен қамту

танытқаны үшін «Алтын түйме» белгісіне ие болды. Айта кету керек, Шымкент қалалық білім басқармасы биылғы оқу жылының бірінші жартыжылдығында да «Алтын түйме» белгісін иеленген болатын.

«Күнделік» ЖШС басшылығы екінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша, электронды журналды ең белсенді әрі жүйелі жүргізген қала ретінде «Алтын түйме» белгісін қала әкімі Мұрат Әйтенов пен Білім басқармасының басшысы Жанат Тәжиеваға табыстады. Электрондық журнал жүргізуге қосқан үлесі үшін алғысын білдірді. Биыл қала мектептері толық электронды журнал жүйесіне көшті.

Сонымен бірге «Күнделік (*Kundelik*)» ЖШС басшылығы электрондық журналды толтыру бойынша қала мектептерінің мұғалімдерін қолдауда белсенді қызмет атқарған, онлайн-кездесулер өткізіп, жаңадан келген педагогтерді оқытуға көмектерін берген әдістемелік кабинетті құрмет грамотасымен марапаттады.

Айта кету керек, жүйенің жұмысын бақылау үшін қала мектептері ұстаздарынан әдістемелік топ құрылған. Оны Білім басқармасының жанынан құрылған Әдістемелік орталық басқарды. Орталық басшысы Меруерт Медетбекова бастаған ұжым жүйедегі өзгерістер мен әрбір ұсынымдарды жіті бақылап, жұмыс жүргізіп отырды.

Журналдарды сапалы және уақтылы толтыру бойынша көшбасшылар арасында Шымкент — «Алтын түйме», Атырау — «Күміс түйме», Ақмола — «Қола түймені» жеңіп алды.

ШЫМКЕНТ – ШАХМАТ АСТАНАСЫ АТАНБАҚ

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай қала әкімі М.Әйтеновтің бастамасымен Шымкентте шахматтан жасөспірімдер арасында Қазақстан чемпионаты өтеді. Чемпионатты Шымкент қаласы әкімдігі мен Қазақстан шахмат федерациясы ұйымдастырады. «Шымкент — еліміздің шахмат астанасы» брендин қалыптастыру аясында қолға алынған спорттық сайыс алдағы шілде айының 20-30 жұлдызы аралығында өтеді деп жоспарланып отыр.

Бұл іс-шара халықаралық шахмат аренасында Қазақстанның оң имиджін қалыптастыра отырып, Шымкентті зияткерлік шаһарға айналдыру, сондай-ақ шахматтан жаңа есімдерді анықтау үшін өткелі отыр.

Айта кетейік, шахматтан жасөспірімдер арасында Қазақстан чемпионатын өткізуге мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлінбеген. Чемпионат «Black Rock Business» ЖШС-нің демеушілігімен өтеді. Жалпы сайыстың жұлде қоры — 2 880 000 теңге. Жеңімпаздар Әлем және Азия чемпионатына қатысу жолдамасына қол жеткізеді. Чемпионаттын талап-ережелерімен Қазақстан шахмат федерациясының ресми сайтынан танысуға болады.

Мәриям АЙТБАЙ,
Шымкент қаласы

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru / www.jasqazaq.kz

Черногорияға Алла бұйыртып, екінші рет жолымыз түсті. Алғаш Алатаудан аттанып, Қаратау асып, Балқан түбегіндегі тау сілемін сағалап, сөтіней қоныстанған бұл өлке 2016 жылдың қазан айында табан тіреп, шылбыр байлағанбыз. Сол жолы футболдан әлем чемпионатының финалдық ойынына іріктеу кезеңіндегі кезекті матчты Қазақстан ұлттық құрамасы Монтенегро құрамасына қарсы өткізіп, Подгорица қаласында 5:0 есебімен ойсырай ұтылған еді. Жердің үстімен барып, астымен қайтқан журналистер ғана сапардан. Құраманың жейдесін киіп алаңға шыққан футболшыларымыз чартерлік ұшақта шалқайып жатып, алшайып ұйықтап қайтқаны есімізде.

Бұл жолғы барысымыз басқа. Туризмі тусырылып жатқан біздің ел мен шеттен келетін саяхаттаушыдан «қаржы сауып отырған» Черногория арасындағы барыс-келіс жайын жазу мақсатында Балқан астық. Бір қауым журналистің пресс-турын Air Astana әуе компаниясы ұйымдастырды.



Биылғы жылға дейін Черногорияға қатынауда біздің елден тек чартерлік рейстер ғана бар еді. Ал туристер Адриат теңізіне шомылып, Балқан түбегінде балтырын күнге кактап қайту үшін басқа елдер арқылы сапарға шығатын. Іргесіндегі Ыстамбұл, Мәскеу, Киев арқылы барып-келіп жүрген-ді. Енді, міне, Air Astana әуе компаниясы Нұр-Сұлтан мен Алматы қаласынан Черногорияның астанасы Подгорицаға тіке ұшатын рейс ашып, алғашында аптасына екі күн қос қаладан ұшағын аттандырып келсе, 21 маусымнан бастап Нұр-Сұлтанның Подгорица қаласына, Алматыдан Черногорияның астанасына Air Astana әуе компаниясы үшу рейсін көбейтті. Енді Нұр-Сұлтанның Подгорицаға дүйсенбі, сәрсенбі, сенбі күндері, ал Алматыдан сейсенбі, бейсенбі, жұма, жексенбі күндері ұша аласыз. Черногория мен Қазақстанның арасындағы дипломатиялық байланысқа да биыл 15 жылдың жүзі. Алдымен Югославия деген империя іспеттес мемлекет болып, кейін Сербияға телініп, тек 2006 жылы ғана Черногория өз алдына отау ел атанды. Сол кезден бастап бізбен достық рәуіште қарым-қатынас орнатып, дипломатиялық байланыс нығайып келеді.

ТУРИСТЕР «ТӨГІЛЕДІ» ЕНДІ

Бұған дейін бізден Черногорияға тіке рейстің жоқтығына қарамастан, Балқан түбегіне барушы туристердің ішінде Қазақстан азаматтарының да үлесі басым болып тұрды. Біздің ТМД елдерінің ішінде Ресей, Украина, Беларусь, Әзірбайжаннан кейінгі бесінші ел екенбіз Черногорияға туристі «төгетін». Енді тіпті тура ұшып баратындықтан әрі екі елдің арасында визасыз байланыс берік орнағандықтан да бізден баратын демалушылардың қатары молайтаыны анық. Бұған тағы да қайталап айтамыз, еліміздің екі бірдей қаласынан төте қатынайтын рейс ашқан Air Astana әуе компаниясының да қосар үлесі орасан.

Былырғы пандемияның пәрмені болмағанда, бізден баратын туристердің саны алдыңғы жылғыдан да арта түскендей екен. Қазақстанның Хорватия, Босния мен Герцеговина һәм Черногориядағы Төтенше және өкілетті елшісі Төлежан Барлыбаев осы елде елшіліктің құрметті консулдық кеңсесі ашылғанын да айтты. Алда-жалда Черногорияға біздің елден барған туристер кенеттен қандай да бір жағдайға тап болса, осы құрметті консулдыққа хабарласып, мәселесін шеше алады.

Air Astana әуе компаниясының экипаж мүшелері Черногорияға аялдайтын қонақжайды көрсетті. Подгорица қаласының как ортасындағы еуропалық стандартқа сай отель. Табысының күре тамыры туризм болғандықтан да шығар, монтенегролықтардың қай-қайсысы да сырттан келетіндерге жұғымды болады. Елдің экономикасын көтеріп, әл-ауқатын жақсартуға әр туристен түсетін тиынның да тигізер пайдасы зор екенін түйсіне білгендігі деп ұғындық бұны. Бізді, яғни Қазақстаннан барған журналистер мен блогерлерді әуе компаниясы өздері ат шалдырып аялдайтын қонақүйлерін көрсетуге алып барғанда мына жайт көңіл аудартты. Қазақы қонақжайлық қаратаулықтарда да бар екен. Қазанына былқытып құнан қойдың жамбасын субенің астына бастыра аспаса да дастарханы жаюлы. Самаурындағы шайы бүрк-сарк қайнап тұр. Дастарханға жайғасқанымыз сол еді, бізді бастап жүрген гидіміз Милишаның қасына отельдің әкімшісі келді. Өзін таныстырып, қарсы алма сөз айтуға рұқсат сұрап, қысқаша таныстырып өтті. Қонақүйдің сұрып, арақ-шарап сататын барынан бастап барлығын да жіпке тізгендей етіп берді. Алдымыздағы кесемізге екінші қайыра шай құйылғанда екінші бір сылқым тұрды гидтің қасында. Отельдің жарнамасына жауапты маман екен. «Біздің қонақүйге тоқтасңыз, мынадай жеңілдіктері бар» деп айтып жатыр. Одан кейін үшінші адам, сатылымға жауапты кадр сөз сұрап, Подгорицадағы бұл отельдің бағасы басқаларға қарағанда, қай жағынан тиімді екенін мақтана



айтты. Көріңіз бе, бір ғана отельдің жарнамасын, ондағы орындардың сатылымын, тіпті ішіндегі ас-ауқатын айтып таныстыруға бір емес, үш қызметкері келді. Бірінін айтқан ақпаратындағы азық еткенді екіншісі толықтырып, үшіншісі алдыңғы екеуінің тіліне тиек етілмей қалыс қалған кереметтерін қамтып хабардар етеді. Біз Черногорияның туризмді өрістетіп отырған іргелі қаласының бірі — етегін Адриат теңізі тербеген Будва қаласына тоқтадық. Подгорицадан бөлендей алыста емес. Әрине, біздің өлшеммен алғанда. Черногорияның жер көлемі өзі 13,8 мың шаршы шақырым ғана. Еуропа құрлығының да шағын мемлекеті саналады. Халқының саны 700 мыңға да жетпейді. Жер көлемі жағынан әлемде 155-орында. 13,8 мың шаршы шақырым дегеніңіз, біздің Атырау облысы Исатай ауданының жер көлемінен де шағын деген сөз.



Туризммен тіршілігіне нәр беріп отырған елдегі халықтың басым көпшілігі туристерге қызмет көрсетіп күнелтеді. Будва қаласындағы қонақүйдің мейрамханасына кешкі ас ішуге барғанда байқадым, дашылық қызметті атқаратындардың арасында ақ шашты егде біреу жүр. Алжапқышын алдына орап алып тағам тасып, ыдыс-аяқты жиыстырып жүрген ағамыздың жасы 59-ға келіпті. Шашының ағының арасынан қарасын табу қиын. Басқа жұмыстың реті жоқ па, әлде өзіне қолайлысы осы ма, ердің жасынан асқанда дашылық қызмет атқарғаны алғашында қораш көрінген, кейін көзіміз де үйренісіп кетті.

АҚШАНЫ ӘЙЕЛІ ҰҚСАТАТЫН ОТБАСЫ

Будва қаласының биігіндегі отельге орныққан соң кешкілік Родженивич отбасында қонағасы берілді. Қазақстаннан келген делегацияға арнайы

асын әзірлеген Родженивич отбасы атадан балаға мирасқа қалған шарап ашыту ісімен де шұғылданады екен. Әрине, базарға арбалап тасып саудалауға емес, сыйлы қонағына көңіл есебінде ұсынуға, өздері ішуге ашытып, құйып алады екен. Ауласынан салып алған шағын қонақүйін де көрсетті. Шағын топты қарсылап алып, құрметтеп күтуге бәрі бар. Үйінің орналасқан жері де керемет: иегінің астында толқыған Адриат теңізі, кешқұрым іні қараңғысына дейін батқан күннің сәулесі ұясына сіңгенше, теңіздің бетін сүйіп өбектеп жатады. Сөзбен сипаттап айту қиын, тек барып, көзбен көру керек.

Родженивичтің шаңырағы бізге өздерінің ұлттық тағамын ұсынды. Ұлттық тағам дегенде біз

секілді сиырдың етін былқытып асады екен. Бірақ астаудағы етті мүшелеп тартпайды, сом еттің бәрін сүйегінен сылып алады да, жапырақтап турап, қоймалжын сұйыққа батырып, тұздықтап бөлек қояды. Сосын әжелеріміздің жіп тоқитын шіі секілді жінішке темірге орап иленген қамырын бөлек, асып әкеледі. Өздері сыйлы қонағының қадірлі сыбағасы санап, «мен» деген меймандарына деп дайындайтын асы аса тансық бола қойған жоқ. Бірақ Родженивич отбасының алғаусыз көңіліне разымыз енді.

— Родженивич, сіздің қонақүйіңізге түнемелге тоқтаған адам неше еуро төлейді? — деп сұрадық.

— Қаржылық есеп-қисапты әйелімнен білмесек, мен тек басқарушымын, — деді. Әңгімеге тілмәштық үшін тиын тауып жүрген гид Милица араласты. «Құрметті Қазақстаннан келген қонақтар, Черногорияда отбасындағы табысты, яғни қаражаттың есеп-қисабына үйдегі әйелі жауапты, ер адам түздің тірлігін тындырады, үйдің тамағына, әсіресе, сыйлы қонақтарға деп асылатын қазанға үлкен әжелер, апалар өзі ие болады, бізде ғұрып сондай», — деді. Қысқасы, Родженивич секілді кәсіпкерлердің жеке коттеждерінде түнеп шығу 50-80 еуро аралығында екен.

ЖАСТАРДЫҢ ҚАЛАСЫ – БУДВА

Будва қымбат қала, әсіресе, ел астанасы Подгорицадан да баға жоғары. Оның үстіне



туристердің жиі тоқтайтын аралы болған соң азық-түлік те, киім-кешек те, мүлік-мүкамал да қымбат. Гид Милица Будва жастардың қаласы екенін айтты. Черногориялықтардың орта буыны мен жастары негізінен Будва қаласында тұрады. Жастардың қаласы болғандықтан да шаһардың аурасы бөлек. Зәулім-зәулім ғимараттар салуға жердің сейсмикалық «мінезі көтермейді». Таудың бөктеріндегі тепсеңдеу тұсын тапса болды, күреп тегістеп қонақүйлер, демалыс орнын салу қарқын алған.

Черногория таудың баурайында орналасқандықтан да ауасы таза. Ең алдымен, ауыр өнеркәсіп кешендері жоқ, черногориялықтар экологиялық тазалығы жағынан Еуропаның біраз елін екі орап кетеміз деп танауы делдііп мақтанады. Десе дегендей-ақ, шілдің шүйдесіндей ғана жерге орналасқан Монтенегроның ауасының тазалығына бөс тіге алмайсың. Қаратаулықтар өмір сүру ұзақтығы бойынша алдыңғы қатарда болмағанымен, бойының сидамдығы жағынан Еуропа құрлығында тек голландиялықтардан ғана аласа екен. Адамдардың бойларының ұзындығы орта өлшеммен есептегенде 85-87 сантиметр. Тағы бір байқағанымыз, көшеден қарын салған еркекті, бес биенің сабасындай болған қыз-келіншекті кезіктірмедік. Барлығының да артық еті бойына тарап кеткендей тым жинақы. Бұл елде асқазанға ауыр соғатын, қорықтылуы күрделі фастфуд өнімдері сатылмайды. Туғаннан теңіз өнімдерімен тамактанып, ет жеп өскен ұрпақтың жинақы болуы да сондықтан. АҚШ-та жетпіс жылға жуық халқына азық болып келе жатқан «Макдоналдс» өнімі туралы гид Милица бір оқиғаны айтты. Қайбір жылы Черногорияда осы «Макдоналдстің» өнімін сататын шағын дүңгіршек ашылған ғой. «Жақсыны көрмекке» деп қаратаулықтар алғашында қаптап барып жеп көріпті. Сосын

«біздің тамақ емес екен» деп бас тартқан. Тұтынушы сап тиылған соң, дүңгіршек те жабылыпты.

ТАРИХТЫ ТУРИЗМГЕ ТЕЛУДІҢ ҮЛГІСІ

Еуропа құрлығының оңтүстік-шығысындағы ширатыла шатыр тіккен Черногория Балқан түбегінің тепсенінде тұр. Адриат теңізін Италия, Албания, Хорватия, Словения, Босния-Герцеговина елдерімен бөліседі. Оңтүстіктен батысқа қарай бойлайтын жері Хорватиямен шектеседі. Солтүстік батысында Босния-Герцеговина елімен, шығыста Сербиямен, оңтүстік шығысында Албаниямен шекаралас.

Халқының саны біздің Ақтөбе облысының жан санымен шамалас. 43 пайыздан астам жергілікті черногориялықтар, 32 пайыз сербтер, 8 пайыз босниялықтар, 5 пайыз албандар тұрады. Басқа ұлт өкілдерінен хорваттар бар. Православиелік христиандар 75 пайызға жуық, халықтың 4 пайыздайы католик, 18 пайызы мұсылман дінін ұстанатын мүмкін.

Сонғы жылдары елдің экономикалық күш-қуатын күшейтуге ішкі туризмнің әкелген пайдасы орасан. Табиғаты мамыражай, негізінен қылқан жапырақты орман көмкерген Черногорияның қоныр салқын альпілік климаты кім-кімді де қызықтыраы сөзсіз.

Осыдан 15 жыл бұрын Сербиядан бөлініп, дербес ел атанған Черногорияның билігі қазба байлығы қыруар болмағандықтан, ірі өндірісі де өнімді еместігін ескеріп, экспорттың да етек-жеңді жинауға шамасы келмейтінін білген соң, туризмге басым көңіл бөлді. Тұмса табиғатының тебендей де шыбығына тигізбей қорыды. Түбінде осы табиғат-ананың алқауымен жан бағатынын білді. Солай болды да, бүгінде жыл сайын Черногорияға келетін туристердің саны 1,5 миллионнан асып жығылады.

Туристерді тартуда черногориялықтар тарихи орындарын ұтымды пайдаланып отыр. Әулие Стефан аралы, Острог ғибадатханасы, тарихы тым тереңдегі будва, Герцег-Нови, Улцинь, Петине, Котор қалаларындағы көне шіркеу мен құлшылық ететін ғибадатханалардың қабырғасы сөтінемей сол күйі тұр. Балқан түбегіндегі елдердің ішінде осы Черногорияның Скадар көлінде ғана мекендейтін бірқазан мен өте сирек ұшырасатын «қаран» балығы бар. 1600 жыл бұрын іргесі қаланған Которыңызда көне бастиондар, бекініс қабырғасы, ғибадатхана бар. Әлі де туристердің тамашалауына орай тұғызып қойған. Котор қаласы ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілгенін де ескеру керек.

Ас үйінің дастарханында теңіз өнімдері толып тұр. Төрт түліктің ішінде сиыр етін молынан тұтынады. Өздері қолдан ашытып жасайтын шарабы «Вранац», жүзімнен дайындайтын «Крунагы» да қымбат тауарының бірі.

СӘБІЗ – САРЫ АЛТЫН

Черногорияда ауыз су қымбат. Теңізі тұзды болғандықтан, суын тұтынуға тұзу – қыруар шаруа. Дүкенде жарты литр су дүкен сөресінде 0,40 еуродан тізіліп тұр. Қазақстанда бір-ақ күнде шарықтап кеткен картоп пен сәбізіңіз де Черногорияда қымбат. Будва қаласының азық-түлік дүкеніне арнайы соғып, аралап көрдік.

Бананының келісі — 0,70 еуро. Тенгенің қазіргі бағамымен алғанда 1 кг бананды 357 теңгеге аласыз. Сұйық майдың 1 литрі 0,95 еуро, (985 теңге), 1 келі сәбізге 485 теңге төлейсіз, картоптың да бағасы арзан емес, 1 келісіне 460 теңгеніңіз шығындайсыз. Қазір нағыз дер шағындағы, халық жиі тұтынатын қызанақ пен киырдың да құны қымбат. Қызанақ — 715 теңге, кияр — 280 теңге. Мұнай өнімдерін сырттан сатып алатын Черногорияда түйедей-түйеді дөңкіген джитті жиі көре алмайсыз. Шанда бір көзіңізге шалынады. Халықтың басым көпшілігі қозғалтқыш көлемі шағын жеңіл көлікті мінеді. Ең өтімді еуростандарт (*біздіңше, АИ-92*) бензиннің құны — 1,35 еуро. Бұл дегенің теңгеге шаққанда 690 теңге. Осындай қымбатшылыққа сай халықтың орташа жалақысы да жоғары. Балқан түбегіндегі елдердің ішінде Черногория зейнетақыны жоғары төлейтін мемлекет. Зейнетақының орташа мөлшері 278 еуро. (142 мың теңге), Босния мен Герцеговинаның зейнеткерлерінің алатын орташа зейнетақысы — 178 еуро.

Еуроодаққа мүше елдердің ішінде Черногорияның азаматтарына төлейтін еңбекақысы аса жоғары болып саналмайды. Орташа еңбекақы — 500 еуро. Төменгі жалақы — 190 еуро. Бұл елде табысты көп табатын — туризм саласының мамандары. Ал құрылысшылар қоныр күзден ерте көктемге дейін қарқынды жұмыс істеп, жан бағады. Дәрігерлердің де орташа жалақысы 500 еуро мөлшерінде. Тұрғын үй сату ісімен шұғылданатындар да жоғары жалақы алушылардың санатына кіреді.

Подгорицадан Алматыға бағыт алған Air Astana әуе компаниясының Airbus A321LR ұшағы алты жарым сағатта жолды өндіріп, Алатау етегіне сәтті қонды. «Ұшқыш аса тәжірибелі екен, жайлы қондырды» делі егделу әйел кісі. 10 күнге саяхатқа барып қайтқан беті екен. 280 мың теңгемен Черногорияны аралап келіпті. Ары-



бергі ұшақ билеті, отельдің 10 күндік ақысына осы ақшасы жетіпті. «Биылдан бастап тіке рейс ашылды ғой, енді жыл сайын барып демаламын» дейді.

Сіз де барып көріңіз!

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ,
Алматы — Подгорица — Будва — Бар — Алматы

Бірлік

Қапал қаласының орны мен қоршап жатқан таулардың әр сілемі тарихтың сан түрлі құпиясын бүгіп жатыр. Қапал ауылы ең алғаш уез орталығы болғанда жан-жақтан келген бай-манаптар, көпестер бірімен-бірі жарыса, сәулеті мен салтанаты жарасқан үй салып, ғимарат тұрғызып, өлкенің келбетін асыра түсті. Ол үйлерді Шоқан Уәлиханов өз жазбаларында суреттеді. Қашқария сапарында Қапалдағы ақын Сараның музейі орналасқан үйде бірнеше күн болып, осы өңірдің игі-жақсыларымен сұхбаттасып, алдағы сапарына дайындалғанын бүгінде біреу білсе, біреу білмейді. Шоқан осы үйдің ауласына үш түп ағаш егіп кеткен екен. Сол ағаш бүгінде жапырақ жайып, мөуелеп өсіп тұр.

Қапал және оның перзенттері туралы жазбаны бастамас бұрын, өткен тарихқа осылай бір айналып соққан ләзім. Өйткені бүгінде бұл өңір сан ұлттың берекесін ұйытып, ынтымағын нығайтып отыр. Ондағы тұрғындар өткен күннің шуағына жылынып, өнегесінен нәр алған. Кейінгі жылдары шетелден көшіп келген қандастарымыз да жергілікті тұрғындармен балдай батып, судай сіңісіп кетті. Тұрғындардың арасында бірін-бірі алалау да, манайынан

— Әкімдікке алғаш жұмысқа орналасқан кезде маған бірнеше адам жұмыс бабымен келді, — деп еске алады жас жігіт. — Қазақ жігіт маған орыс тілінде сөйледі. Оның ұсынысын тыңдаған соң, алдымен, орысша жауап бердім. Содан кейін әңгімені қазақ тілінде жалғастыруын өтіндім. Келушілердің бірі жымиып, мені нығымнан қағып: «Балам, сен қазақша еркін әрі



— Мен ұлымды мақтан тұтамын, — дейді Гүлфира Молдажанова. — Ол маған тірек болды. Күш-қуат берді. Владимирдің ел мақтанышына, жастардың үлгісіне айналған лайықты азамат болып өскеніне қуанамын. Ол өз елінің патриоты ретінде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтерумен ғана емес, шын жүректен халқына қызмет ететін перзент болып өсті, — деп ағынан жарылды.

Мемлекеттік қызмет қаншама қарбалас болғанымен, Владимир бос уақытында тауға барып, қазақ әдебиетін оқығанды ұнатады. Оның сүйікті шығармалары: Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы», Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділер» және «Алтын Орда», Сәбит Мұқановтың «Ботагөз» романдары.

«Мен Ұлы Абайдың өлеңдерін жақсы көремін. Бірақ Жұбан Молдағалиевтің «Мен — қазақтың» өлеңі жүрекке жақын. Сонымен қатар отандық орындаушылардың музыкасын жақсы көремін. Достарым менің плейлистімде қазақ әндері басым екеніне күледі. Сүйікті әндері — Айқын Төлепбергеннің «Күндер өтетін», Батырхан Шөкеновтің «Отан Ана» және Нұржан Керменбаевтың «Бір жүрек» әндері. Өйткені, ән тындап, фильм көру тілді жаттықтыруға көп септігін тигізеді», — дейді ол.

Біздің кейіпкеріміз ат жарысын және басқа да қазақтың ұлттық ойындарын жақсы көреді. Ал оның

арта түсеуде. Елбасының сарабал саясатын Қасым-Жомарт Тоқаев тұрғындарды әлеуметтік жағынан қолдауға бағытталған тың идеяларымен жалғастырып келеді.Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді деп есептеймін. Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін бәріміз даңғазға жасамай, жұмыла жұмыс жүргізуіміз керек», — деп ерекше атап өткені баршанызға мәлім.

Тіл — достықтың кілті, ынтымақтың бастауы, ырыс-берекенің алды, әр ұлттың айнасы. Еліміздің «Тіл туралы» заңында «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру — Қазақстан Республикасының әрбір азаматының Отан алдындағы қасиетті парызы» деп жазылған. «Тіл — біздің тұтастығымыз», «Тіл тағдыры — ел тағдыры» деп жиі айтып жүрміз. Біздің барша ұлттық келбетіміз бен болмысымыз, салт-санамыз — ұлттық мәдениет пен тілімізде. Тәуелсіз елдің әрбір жас ұрпағын парасатты да білімді, іскер де қабілетті, отансүйгіш те ұлтжанды тұлға етіп қалыптастыруда мемлекетік тілдің атқаратын қызметі орасан зор. Тіл — таусылмайтын байлық. Қанша тіл білсең, сонша биіксің. Алдымен туған елінің мемлекеттік тілін білуге міндеттісің. Ол — шаруашылықтың бар саласын өркендете түсуге себепші күш, қазақстандықтардың мәдени дәрежесін көтеріп, жұртшылықты жаппай отаншылдық рухта тәрбиелеудің құралы, қуатты қаруы.

Біздің елімізде әр этнос өкілінің ана тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін дамытуына толық

Владимир ЧЕПЕЛЬ:

«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ДАМУЫНА ӨЗ ҮЛЕСІМДІ ҚОСҚЫМ КЕЛЕДІ»

аулақтату да жоқ. Ауылдық әкімшілікке жұмыс бабымен бара қалсаң, алдыннан аңқылдап Владимир Чепель атты жас жігіт шыға келеді. Іскерлігі қимылынан, көпшілдігі көзінен аңғарылып тұрады. Қазақ тілінің майын ішкен дерсін. Ол мақалдап-мәтелдеп, би мен шешен, ақын-жыраулардың нақыл сөзін айтпақ ойына арқау етіп сөйлегенде риза болып қаласың. «Жылқы кісінескенше, адам сөйлескенше» деген мақалдың анық ақиқатын Владимирмен 5-10 минут тілдессең, түсінесің.

Владимир Сергейұлы 1993 жылдың 16 қарашасында Қапалда дүниеге келді. Владимирдің жан дүниесі қазақы азамат болып, ержететінін ешкім білмеді. Оның өскен ортасында казактар көп болды. Содан болар, мемлекеттік тілді тез игерді. Оған мұғалімі Айдын Жакыпбеков көп көмектесті.

Владимир: «Айдын ағай маған әрдайым «Володо, сенде тіл үйренуге деген бейімділік бар. Жақсы үйренсең, көп сияналмай, қазақ тілінде еркін сөйлей аласың» деп үнемі айтатын. Бұл сөз мені жай ғана шабыттандырып қойған жоқ. Тіл үйренуге құлшынып кірісуге жебеді. Сондықтан үй тапсырмасын орындап қоймай, көрші балалармен қазақша сөйлесуді әдетке айналдырдым. Тіл сындырып, әріп танып, жазу қабілетім өсе түскен соң, Айдын ағай қазақ жыраулары мен ақындарының өлеңдерін жаттата бастады. Сол кезде жаттаған дүниелерім әлі күнге дейін есімде. Міне, осылайша қазақ тілі бала күнімнен өмірімнің ажырамас бөлігіне айналды. Сөзді жаңылып қате айту, ойымды дәлме-дәл жеткізе алмау сияқты қызықты жайттар да болды. Оған айналамдағы достарым күліп, мазактаған жоқ. Қайта ары қарай жетелеп, анықтап түсіндіріп отырды. Осындай тырмысу пен достықтың арқасында қазақ тілін еркін меңгеріп алдым. Ол менің кейінгі өміріме жақсы ықпал етті», — дейді.

Қапал ауылындағы Ғ.Орманов атындағы орта мектепті бітірген соң талапкер жігіт

таза сөйлейтінінді мақтан тұтамын! Сен біздің өз ана тілін елеусіз қалдырған азаматтардың тіл үйренуіне ынта беретініне сенімдімін», — деп ризашылығын білдірді. Сол сенім әлі күнге дейін мені жігерлендіріп келеді», — дейді.

Өзі іскер, екі тілді де еркін меңгерген, әсіресе, қазақ тіліне деген сүйіспеншілігі басым жігітті ауылдастары да бауырына тартып әкетті. Үлкендер оның әр жетістігіне «бәрежелді» айтса, жастар жағы одан үлгі алуға тырысты.

Шынында да, Владимирден көп нәрсені үйренуге болады. Мейірімділік, адалдық, ашықтық, бауырмалдық, қарапайымдылық бар болмысынан көрініп тұрады. Оның басты артықшылығы — туған жерге, мемлекеттік тілге және айналасындағы адамдарға деген сүйіспеншілігінде. Ол ешкімді мәртебесі, ұлты, сенімі бойынша бөлмейді. Ол үшін барлық адам тен. Оның айтуынша, кез келген адамның бойында көңілге түйіп алар бір артықшылығы болу керек. Сондықтан барлық адамды өз денгейінде құрметтеу өз бойындағы ынта-жігерінді жетілдіре түседі.

2015 жылдан бастап облыстың шалғай өңірлеріндегі ауыл жастарының құқықтық мәдениетін қалыптастыруға белсенді атсалысты, 2017 жылдан бастап Алматы облысы Қазақстан Халқы ассамблеясының этномәдени бірлестіктерінің жастары арасында мемлекеттік тілді оқыту бойынша жүргізген кешенді жұмысына қолғабыс етті. Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде Владимир Чепель халықтың әлеуметтік осал топтарына көмек көрсетуге, жұмыссыздар мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдардың қайырымдылығы мен жұмысқа орналасуына атсалысты. 2018 жылдан бастап жергілікті жастарға арналған ауылдық мәдениет үйінің жанынан спорт залын, оның ішінде армрестлинг бойынша спорт секциясын ашуға бастамашылық етті.

Владимир: «2018 жылы менің досым Мейрамбек Рахымбаевпен Қапал ауылында



сүйікті мерекесі — Наурыз. Оның айтуынша, жана піскен бауырсақ, қымыз және самаурында қайнаған ыстық шайдан дәмді ештеңе жоқ.

Владимир өзінің 28 жасында айтарлықтай жетістікке жетті. Ол «Ұлы даланың ұлттық тілі» республикалық форумында Алматы облысы өкілдерінің тобына енді. Облыстық «Көшбасшы — 2019» байқауында «Үздік жас мемлекеттік қызметші» номинациясында жеңіске жетті. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтан «Қазақстан Республикасының Ассамблеясына 25 жыл» мерейтойлық медалін, Қазақстан Халқы ассамблеясы төрағасының бұрынғы орынбасары Жансейіт Түймебаевтан ізгіліктің, рухани келісімнің, достық пен этносаралық бірлікті нығайтудың гуманистік мұраттарына көрсеткен жоғары қызметі үшін Алғыс хат, Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтуға қосқан үлесі үшін Қазақстан Халқы ассамблеясының «Мейірім» төсбелгісін, сондай-ақ «Алтын» төсбелгісін кеудесіне жарқыратып тақты. Оның есімі «Қазақстан Республикасы жастарының Алтын кітабына» енді.

Владимир: «Өмірде жетістікке жету үшін адал жұмыс істеу керек. Мұны маған анам үнемі үйретті. Мені осылай тәрбиелегені үшін оған ризамын! Бүгін оның нұсқаулары маған өзекті мәселелерді шешуге көмектеседі. Әрқашан алға ұмтылу керек және мұнымен тоқтап қалмау керек. Мен мемлекетіміздің дамуына өз үлесімді қосқым келеді», — дейді.

Өткенде Алматы облысына арнайы сапармен келген Қазақстан Халқы ассамблеясы Төрағасының орынбасары, Президенті Әкімшілігінің ҚХА хатшылығының меңгерушісі Марат

Әзілханов жергілікті жұртшылықпен кездесу өткізіп, Жетісу жеріндегі ынтымақ пен келісімнің нығаяуына үлес қосып отырған ұйымдардың жұмысымен танысты.

Сол кездесудің бірінде Владимир Чепель өзінің болашақтағы азаматтық ұстанымын былай жеткізді:

— Қазақта: «Ағасы ақылдының ауылы азбайды, женгесі шебердің жеңі тозбайды» деген даналық сөз бар. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтай ел ағаларының еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолындағы ерен еңбектерінің арқасында, ұлан-ғайыр даламызда егініміз көктеп, малымыз төлдеп, береке-бірлігіміз

жағдай жасалған. Мемлекеттік тілді үйренуді кез келген өзге этнос өкілі күнделікті өмірге қолданылып жүрген қазақтың салт-дәстүрін білу арқылы, қоғамдық деңгейде ауызекі сөйлеуді үйренуі ең ұтымды тәсіл.

Мемлекеттік тілді білгеннен ешкім зиян шекпейді, керісінше, тигізер пайдасы өте көп. Кез келген адаммен ашық-жарқын әңгімелесіп, емін-еркін пікір алмасасың. Қазақтың алтын бесігі саналатын ауылда тұрғандықтан, әр түрлі сұрақтармен келген тұрғындардың мәселесін ауыл ақсақалдарымен кеңесіп бірге шешеміз. Тарихы тереңде жатқан Қапал ауылында Қазақстан Халқы ассамблеясы жанындағы Қоғамдық келісім, Аналар кеңестері мен жастар орталығының қызметкерлері өзара тығыз ынтымақтастықта бірлесіп, жұмыс істейміз.

2019 жылы облыстың жас көшбасшылары арасынан жүзден жүйрік, мынанан тұлпар танылып, «Үздік мемлекеттік қызметкер» 2020 жылы «Ерен еңбегі үшін» номинациясын алғанымда, ел-жұртым, ауыл-аймағым менімен бірге қуанды. Білікті басшы ретінде, елімізді болашағы жастарға жан-жақты қолдау танытып, үнемі ақылыңызды айтып жүргеніңізге зор алғысымды білдіремін.

Нұр-Сұлтан қаласында өзге этнос жастары арасында өткен республикалық Тіл фестиваліне қатысқанымда, әр өңірден келген қазақ тілін менен де жақсы сөйлейтін замандастарымды көргенде, таң қалғаным ешқашан есімнен кетпейтін шығар. Тағылымды шараға қатысқанымның арқасында, қаншама дос тауып, өрісім кенейді, жастық жігеріме күш-қуат қосылып, ерекше әсермен оралдым.

Мемлекет басшысы жастар жылын қорытындылап, өткен жылды Еріктілер жылы деп жариялағанда, Мағжан ақын айтқан: «Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты» жалынды жастарға деген ерекше сенім мен құрметтің белгісі деп бағаладым. Барлық құрдастарымды бізге білдірген сенімді ақтауға, білімдерін тереңдетіп, еліміздің дамыған отыз елдің қатарына қосылуы жолында еселі еңбек етуге шақырамын.

«Жері байдың — елі бай» деген қанатты сөз тегін айтылмаған, көк туы желбірген егемен еліміздің мәртебесі асқақтай берсін», — деп жеткізді ойын.

Сол жиында Владимир Чепельмен кездесіп, болашақтағы арманы жайында сұраған едік. Ол: «Генерал болуды армандамаған сарбаз сарбаз емес» деген нақыл сөз бар», — деп күлді. — Мен мемлекеттік тілдің дамуына өз үлесімді қосқым келеді. Мен үшін бұл — болашақта басты бағытым болмақ. Ол үшін алдағы уақытта алдыма қойған үлкен мақсаттарым бар, — деді.

Біз де оның биік мақсаттарға жете беруіне шынайы тілектеспіз.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы



Талдықорған заң колледжіне, содан кейін Экономика және құқық академиясына оқуға түсті. Ө.Жолдасбеков атындағы бизнес және құқық академиясын «Құқықтану» мамандығы бойынша бітіріп шықты. 2011 — 2014 жылдар аралығында «Алтын Дала Агро Zhetysu» компаниясында жұмысшы, менеджер, заңгер болып қызмет етті. 2015 жылдан бастап Қапал ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы болып қызмет атқарса, сол жылы 29 шілдеден бастап бас маман лауазымына тағайындалды. Ал бүгінде Алматы облысы Ақсу ауданы әкімдігінің Қапал ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік мекемесінің бас маманы болып қызмет етеді.

ауылдық мәдениет үйі директорының қолдауымен «Kapal armwrestlyng club» жаттығу залын аштық. Мұнда біз жастарды жаттықтырамыз, олардың көпшілігі аудандық және қалалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. Бұл бастама бізді үлкен жетістіктерге жетелеп келеді. Демек арманымыз аяқсыз қалған жоқ деп есептейміз», — дейді.

Қазақ халқында: «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада» деген нақыл сөз бар. Владимирді елжанды, көпшіл етіп өсіруге анасы Гүлфира Молдажанова мен тәтесі Ольга Ғазизқызы көп тер төкті. Әсіресе, анасының көмегі мен қолдауы көп болды. Асыл ананың әлпештеген ұлы бүгінде елдің азаматына айналды.

«НАК «Центраудит-Казакстан» ЖШС Директоры
(МФЮ аудиторлық қызметпен айналысуға мемлекеттік
лицензиясы № 0000017, 1999 жылғы 27 желтоқсанда берілген)
В.В. Радостовец 2021 жылғы 16 сәуір

«Денсаулық сақтау және медициналық сақтандыру жөніндегі Қазақ «Интертич» корпорациясы» АҚ Акционерлері мен Директорлар
кеңесіне

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

Ескертумен пікір

Біз «Денсаулық сақтау және медициналық сақтандыру жөніндегі Қазақ «Интертич» корпорациясы» АҚ (*бұдан әрі – Кәсіпорын*) 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бухгалтерлік баланс, пайда мен шығындар туралы есеп, меншік капиталындағы өзгерістер туралы есеп және көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есептік саясаты негізгі қағидаларының қысқаша мазмұнын қосқанда қаржылық есептілікке берілген ескертпелермен қамтылғын қаржылық есептілігінің аудитін жүргіздік .

Біздің пікіріміз бойынша, ұсынысылп отырған қаржылық есептілік 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Кәсіпорынның қаржылық жағдайының бүкіл маңызды тұстарын, сондай-ақ Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі оның қаржылық нәтижелері мен қаржы қозғалысын шынайы көрсетеді (*бұдан әрі – «ХКЕС»*).

Пікір білдіру үшін негіздеме

2020 жылғы 31 желтоқсандағы компанияның қаржылық жағдайы туралы есебінде баланстық құны 387,500 мың теңге сатып алынған материалдық емес актив көрсетілген (2019 жылғы 31 желтоқсанға: 449,500 мың теңге). Белсенді нарықтың болмауына байланысты, осы активтің әділ құнының жеткілікті аудиторлық дәлелін ала алмадық. Нәтижесінде біз осы активтер мен міндеттемелерді тану және кейіннен бағалау және, тиісінше, тұтастай алғанда қаржылық есептілікке қатысты кез-келген түзетулерді қажет ете алмайтындығын анықтау мүмкін болмады.

2019 жылғы қаржылық есептілікке қатысты біздің аудиторлық пікіріміз өзгертілді. 2020 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жылдағы қаржылық есептілік туралы біздің пікіріміз осы мәселенің ағымдағы кезеңге әсер етуіне байланысты өзгертілді.

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (*бұдан әрі – ХАС*) сәйкес жүргіздік. Біздің міндеттеріміз осы стандарттарға сәйкес төменде «қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудитордың жауапкершілігі» атты бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлердің халықаралық этика стандарттары кеңесінің Кәсіби бухгалтерлер этикасы кодексіне сәйкес (бұдан әрі - БХЭСК) Қоғамға қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз БХЭСК этика кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттемелерімізді орындадық Біздің тарапымыздан алынған аудиторлық дәлелдер жеткілікті және біздің аудиторлық пікірімізді білдіру үшін негіз болып табылады деп санаймыз.

Кәсіпорын басшылығының және корпоративтік басқаруға, қаржылық есептілікке жауап беретін тұлғаларының жауапкершілігі
Кәсіпорын басшылығы осы қаржылық есептіліктің Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленуіне және дұрыс ұсынылуына, жауапсыз іс-әрекеттер мен қателіктердің салдарынан маңызды бұрмалаулар қамтылмайтын қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты болып табылады.

Қаржылық есептілікті дайындауда Кәсіпорын басшылығы Кәсіпорынды таратуға, оның қызметін тоқтатуға нитеттенген жағдайларды қоспағанда немесе оны таратудан не қызметін тоқтатудан басқа қандай да бір нақты басқа альтернативасы жоқ болған жағдайды қоспағанда, Кәсіпорын өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілеттілігін бағалауға, үздіксізсіз қызметке жататын мәліметтердің тиісті жағдайларда ашылуына және қызметтің үздіксіздігі туралы жол беру негізінде қаржылық есептілікті дайындауға жауапты. Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Кәсіпорынның қаржылық есептілігінің дайындығын бақылауға жауапты.

Қаржылық есептілігіне аудит жүргізу барысында аудитордың жауапкершілігі
Біздің мақсатымыз қаржылық есептілікте жауапсыз іс-әрекеттер мен қателер салдарынан елеулі бұрмалану қамтылмайтына ақылға сиымды (кисынды) сенімді болу және біздің пікіріміз қамтылған аудиторлық есептің басып шығарылуы. Ақылға қонымдылық (кисындылық) жоғары сенімділік деңгейін білдіреді, бірақ ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит кез келген жағдайда, елеулі бұрмалау болған кезде оны әрқашан анықтайтынына кепіл болып табылмайды. Бұрмалаулар жауапсыз іс-әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер жекейелі немесе жиынтығында осы қаржы есептілігі негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне ықпал етуі мүмкін болады деп негізді түрде болжауға болатын болса, маңызды болып саналады.

ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде, біз кәсіби пікірді қолданамыз және аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Сондай-ақ біз келесі іс-әрекеттерді орындаймыз:

- жауапсыз іс-әрекеттердің немесе қателердің салдарынан қаржы есептілігінің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық шаралар әзірлеп жүргіземіз және өз пікірімізді білдіру үшін негіз болуы үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелер аламыз. Жауапсыз іс-әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмау тәуекелі қателер нәтижесінде елеулі бұрмалану тәуекеліне қарағанда жоғары болып табылады, себебі жауапсыз іс-әрекеттерге сөз байласу, жалғандық жасау, қасақана өткізу, ақпаратты бұрмалау ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесінен тыс іс-әрекеттер қамтылуы мүмкін.
- Қоғамның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатынсыз, мән-жайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу үшін, , аудитке маңызды бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін, сондай-ақ басшылық дайындаған ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- үздіксіз қызметтегі басшылықтың жол беруді қолданудың заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз, ал аудиторлық дәлелдер негізінде – нәтижесінде Қоғамның өз қызметін үздіксіз жүргізуді жалғастыруға қабілеттілігіне елеулі күдік туындауы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздік бар ма, сол туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз айтарлықтай белгісіздік бар деген қорытындыға келетін болсақ, біз аудиторлық есепте қаржылық есептілікте ақпараттың тиісті ашылуына назар аударуымыз қажет, ал егер мұндай ақпараттың ашықтығы болмаса, онда пікірімізді жаңғыртуымыз (модификациялауымыз) қажет. Біздің қорытындылар біздің аудиторлық есептің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделеді. Алайда, алдағы оқиғалар немесе жағдайлар Қоғамның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғартуына әкелуі мүмкін;
- қаржылық есептілікті ақпаратты ашуды қосқанда, жалпы оның құрылымы мен мазмұнын ұсынуды., сондай-ақ қаржылық есептіліктің негізіне жататын операциялар мен оқиғалар олардың дұрыс қолданылуын қамтамасыз ететіндей ұсынылғандығын бағалаймыз.

Біз Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен ақпараттық өзара әрекет етуді жүзеге асырмаыз, оларға басқа мәліметтерден бөлек, аудиттің жоспарланған мөлшері мен мерзімдері, сондай-ақ аудитін қорытындылары бойынша елеулі ескертулер, соның ішінде аудит барысында анықталынатын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты назарларына жеткіземіз.

Аудитор
(аудитордың біліктілік куәлігінің № МФ-0000061, 2012 ж. 06 қаңтарда берілген.)

С.С.Сафронова

Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ.,
Әл-Фараби даңғ., 19, «Нұрлы-Тау»
павильон-орталығы, 1Б павильон, 301-302 кенсе

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП
2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

	Еске*	31.12.2020 ж.	31.12.2019 ж.
Активтер			
Ақшалай қаражат	4	343,682	243,360
Банктердегі депозиттер	5	2,785,895	2,377,643
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	6	2,671,258	2,570,777
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек	7	2,150,596	1,750,096
Басқа активтер	8	1,461,179	1,105,726
Кейінге қалдырылған аквизициялық шығыстар		140,476	83,771
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	9	248,851	19,036
Негізгі құралдар	10	55,198	274,824
Материалдық емес активтер	11	388,065	450,263
Активтер жиынтығы		10,245,200	8,875,496
Міндеттеме			
Провизиялар		12,748	12,748
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек	12	1,796,768	2,124,664
Еңбек сіңірілмеген сақтандыру сыйлықақылары бойынша Резерв	13	2,008,639	2,043,426
Сақтандыру талаптарын реттеуге арналған шығындар мен шығыстар бойынша резервтер	14	1,341,844	851,031
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	20	85,545	71,600
Табыс салығы бойынша міндеттемелер		13,645	22,409
Басқа міндеттемелер	15	122,952	84,903
Міндеттемелер жиыны		5,382,141	5,210,781
Капитал			
Акционерлік капитал	16	3,660,000	2,860,000
Негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша резерв	16	18,456	188,918
Резервтік капитал		56	3,357
Бөлінбеген пайда		1,184,547	612,440
Міндеттемелер жиыны		4,863,059	3,664,715
Капитал мен міндеттемелер жиынтығы		10,245,200	8,875,496

* 5-33 беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.
Басқарма төрағасы _____ Көгулов Б.Б.
Бас бухгалтер _____ Токеева А.А.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП
2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы

	Ескер*	2020 ж.	2019 ж.
Сақтандыру сыйлықақылары	17	7,704,703	8,745,298
Еңбек сіңірілмеген сақтандыру сыйлықақыларының резервіндегі өзгеріс	17,13	34,787	(516,902)

«ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАЗАҚ «ИНТЕРТИЧ» КОРПОРАЦИСЫ» АҚ 2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК (МЫҢ ТЕНГЕЛІКТЕРМЕН)

Еңбек сіңірілген сыйлықақылар		7,739,490	8,228,396
Сақтандыру төлемдері	17	(6,725,352)	(7,547,899)
Сақтандыру талаптарын реттеуге арналған шығындар және шығыстар бойынша резервтердегі өзгеріс	17	(490,813)	532,297
Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша шығыстар		(7,216,165)	(7,015,602)
Комиссиялық шығыстар	17	(292,743)	(344,770)
Сақтандыру қызметінен түскен табыс		230,582	868,024
Инвестициялық қызметтен түсетін табыс	18	407,486	325,550
Бағамдық айырмадан таза шығын		429,556	(47,945)
Инвестициялық қызметтен түсетін табыс		837,042	277,605
Жалпы әкімшілік шығыстар	19	(595,244)	(754,503)
Күмәнді борыштар бойынша резерв құру (<i>қалтына келтіру</i>)	4,7,8	(12)	(13,187)
Басқа операциялық кірістер, нетто		9,634	12,066
Операциялық шығыстар, нетто		(585,622)	(755,624)
Салық салынғанға дейінгі табыс		482,002	390,005
Табыс салығы бойынша шығыстар	20	(83,658)	(75,025)
Жыл ішіндегі таза пайда		398,344	314,980
Басқа толық кіріс			
Кірістер мен шығыстар туралы есепке кейіннен қайта жіктеле алмайтын баптар		-	-
Табыс салығын шегере отырып, негізгі құралдардың әділ құнын түзету		-	-
Жыынтық табыс		398,344	314,980

* 5-33 беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.
Басқарма төрағасы _____ Көгулов Б.Б.
Бас бухгалтер _____ Токеева А.А.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП
2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы

	Ескер.*	2020	2019
Операциялық қызметтен ақша қаражаты			
Салық салынғанға дейінгі табыс		482,002	390,005
Түзету:			
Сақтандыру резервтеріндегі өзгеріс	17	456,026	(15,394)
Инвестициялық қызметтен түсетін табыс	18	(407,486)	(325,550)
Бағамдық айырмадан іске асырылмаған пайда (<i>залаи</i>)		(429,556)	45,071
Кейінге қалдырылған аквизициялық шығыстар		308,747	359,663
Тозу және амортизация	10,11	72,622	91,060
Күмәнді борыштар бойынша резерв құру (<i>қалтына келтіру</i>)	7,8	12	13,187
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің шығуынан болған шығын		-	(351)
Операциялық қызметтен операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгеруіне дейінгі ақша қаражатының қозғалысы		482,367	557,691
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешектің (<i>ұлғаюы</i>) азаюы		(400,097)	(1,129,682)
Өзге де активтерді ұлғайту		(324,208)	(574,561)
Кейінге қалдырылған аквизициялық шығыстардың (<i>ұлғаю</i>) азаюы		(365,452)	(352,146)
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешектің ұлғаюы (<i>азаюы</i>)		(329,954)	1,625,865
Өзге де міндеттемелердің ұлғаюы (азаюы)		15,913	(12,903)
Операциялық қызметтен ақша ағындары		(921,431)	114,264
Алынған пайыздар		188,919	53,709
Төленген табыс салығы		(52,252)	(2,859)
Операциялық қызметтен таза ақша ағындары		(784,764)	165,114
Инвестициялық қызметтен түсетін ақша қаражаты			
Банктердегі депозиттер бойынша таза түсім (<i>істен шығу</i>)		(261,195)	(781,496)
Кері репо операциялары бойынша таза түсім (<i>істен шығу</i>)		55,046	449,427
Қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер		309,909	-
Қаржы активтерін сатып алу		-	(127,727)
Инвестициялық жылжымайтын мүлікті сатып алу	9	-	199,780
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(20,613)	(10,453)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатудан түсетін түсімдер		-	200,188
Инвестициялық қызметтен таза ақша ағындары		83,147	(70,281)
Қаржылық қызметтен ақша қаражаты			
Акциялар шығару	16	800,000	-
Қаржылық қызметтен таза ақша ағындары		800,000	-
Ақша қаражатының таза ұлғаюы (<i>азаюы</i>)		98,383	94,833
Ақша қаражатына айырбас бағамының өзгеру әсері		1,939	(3,806)
Есепті кезеңнің басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары		243,360	152,333
Есепті кезеңнің аяғындағы ақша қаражаты және олардың баламалары		343,682	243,360

* 5-33 беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.
Басқарма төрағасы _____ Көгулов Б.Б.
Бас бухгалтер _____ Токеева А.А.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП
2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы

	Акционерлік капитал	Негізгі құралдарды қайта бағалау резерві	Резервтік капитал	Бөлінбеген пайда	Капитал жиыны
2019 жылғы 1 қаңтарда	2,860,000	216,882	1,531	271,322	3,349,735
Жыл ішіндегі таза пайда	-	-	-	314,980	314,980
Жалпы кіріс	-	-	-	314,980	314,980
Қайта бағалау амортизациясы	-	(27,964)	-	27,964	-
Резервтік капиталға аудару	-	-	1,826	(1,826)	-
2019 ж. 31 желтоқсанға	2,860,000	188,918	3,357	612,440	3,664,715
Жыл ішіндегі таза пайда	-	-	-	398,344	398,344
Жыынтық табыс	-	-	-	398,344	398,344
Орналасстырылған акциялар	800,000	-	-	-	800,000
Қайта бағалау резервінің амортизациясы	-	(170,462)	-	170,462	-
Резервтік капиталдан аударым	-	-	(3,301)	3,301	-
2020 ж. 31 желтоқсанға	3,660,000	18,456	56	1,184,547	4,863,059

* 5-33 беттердегі ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.
Басқарма төрағасы _____ Көгулов Б.Б.
Бас бухгалтер _____ Токеева А.А.

Келісім
Қазақстан Халқы ассамблеясы медиация жұмысын жандандыруда этномәдени бірлестік, Қоғамдық келісім және Аналар кеңестерінің көмегімен үлкен жетістіктерге жетті. Алматы облысында 68 медиация кабинеті ашылды. Оның ішінде біреуі Талдықорған қаласындағы Достық үйінде, жиырмасы аудандық, қалалық әкімдіктерде, сот ғимараттарында 47 медиация кабинеті бар. Облыс бойынша 26 кәсіби медиатор және 306 қоғамдық медиатор тіркелген. 2021 жылдың бірінші тоқсанында 96 даулы мәселе реттелді. Оның 13-і-кәсіби, 83-і-қоғамдық медиатордың көмегімен жүзеге асты. Бүгінге дейін аудан, қалаларда және облыс орталығында 29 іс-шара өткізілді.

Медиация дауларды реттеудің бейбіт тәсілі ретінде бірқатар артықшылыққа ие. Тараптар өз дауын шешетін медиация рәсімі кейде ұзақ уақытқа созылып кететін сот талқылауына қарағанда неғұрлым қысқа мерзімде жүзеге асырылады. Сонымен қатар осы процеске қатысушылар жанжалды жылдам шешуге мүмкіндік алады. Сот ісіне қарағанда шығыны аз екені өз алдына.
Медиацияны жүргізу орнын, уақытын және тәртібін таңдауда тараптардың дербестігі де маңызды. Сонымен қатар рәсімге қатысушылар дауды реттеуге көмектесетін медиатордың жеке басын анықтауға құқылы. Ал сот тәртібінде

тараптарға мұндай өкілеттіктер берілмейді. Сондықтан барлық маңызды сәттер заңмен белгіленеді. Тараптар дауды реттеу кезінде көбінесе, олардың мәліметтерінің құпия болып қалуын тілейді. Медиация барлық ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Медиация рәсімі дауды бейбіт жолмен шешуге мүмкіндік береді. Тараптарға достық

қарым-қатынасты сақтауға, оларды толғандыратын мәселелер бойынша өзара келісімге қол жеткізуге ықпал етеді. Сонымен қатар, делдалдың көмегімен қол жеткізілген келісімдер қабылданбайды. Сыбайлас жемқорлық факторы мүлде жоқ. Өйткені мұнда ешкімді өз жағына тартудың қажеті жоқ.

Осылайша, көп ұлтты қоғамдастықта Қазақстанның

жанжалсыз этносаралық және конфессияаралы



Биылғы оқу жылы онлайн форматпен аяқталып, оқушылар жазғы демалысқа шықты. Олардың жазғы уақытын тиімді өткізу мақсатында Биыл Алматы мектептерінде көшпелі лагерлер ұйымдастырылды. «Биікке ұмтылу» атты жазғы лагерь қатысушыларға не берді? Жобаның мақсаты не? Оқушыларды қызықтырған қай сала? Осы және өзге де



сыныптар арасындағы ең танымалы — блогинг бағыты. Мұнда оқушыға интернет әлеміндегі мүмкіндіктерді пайдаланып, видеосюжет жасау, сұхбаттасу, болған оқиғаны суреттеу, мәтінді дұрыс жазу сынды мүмкіндіктер ұсынылды. Бұл бағыт бойынша тәлімгерлерге өз ісінің маманы келіп сабақ берді. Оқушылар видео түсіруді, онымен қоса, мөнерлеп сөйлеуді үйренді. Бұл жерде олар актерлік шеберлік бойынша да дәріс алды. Вокал бағытына тоқталсам,

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫН ТИІМДІ ӨТКІЗЕДІ

сауалдарды жобаға жауапты Алматы қаласы білім басқармасының Рухани адамгершілік және өзін-өзі тану бөлімінің басшысы Нұрғұл Тауқызына қойған едік.

Jas qazaq: Нұрғұл Тауқызы, «Биікке ұмтылу» жобасын ұйымдастыру идеясы неден туындады? Жоба қаламыздың қанша мектебінде жүзеге асты?

Н.Тауқызы: Бізге демеушілер тарапынан оқушылардың жазғы демалысын тиімді өткізуге



арналған жоба келіп түсті. Жобаның мақсаты, идеясы және құрылымымен танысқаннан кейін, оны жүзеге асыру үшін Алматыдағы мектептерге хабарластық. Сөйтіп 25 мектеп осы жобаға қатысуға келісім берді. Бір жарым жыл бойы үйде отырған оқушылар мектепте жазғы лагерь болады дегенде қатты қуанды. Бұрын үйірмелерге келтіре алмайтын шәкірттердің өзі үлкен зор ықыласпен келді. Биыл бұл жоба Алматы қаласының 25 мектебінде пилоттық режимде өткізілді. Қазіргі эпидемиологиялық талаптарға сай оқушыларды қабылдап, екі апталық курс өткізілді. Жазғы лагерь ата-аналар мен балаларына қатты ұнады. Қатысушылар 8 басым бағыт бойынша білім алды.

Jas qazaq: Жазғы лагерь 8 бағыттан тұрады дедіңіз. Әр бағыттың ерекшелігін айтып өтсеңіз? Оқушылар қай салаға қызықты?

Н.Тауқызы: Тәлімгерлер блогинг, шешендік өнер, сурет салу, актерлік шеберлік, аппликация, вокал, би, йога бағыттары бойынша білім алды. Осы бағыттардың жоғары



көрсетіп, бойындағы ерекше талантын ашып, өздеріне жаңа бір саланы игеруге деген қызығушылықтарын арттыра білді. «Биікке ұмтылу» — аты айтып тұрғандай, болашаққа ұмтылу. Жобаның көздеген мақсаты — балаға қанат бітіріп, әрі қарай самғауына демеу болу. Бұл дегеніміз — оқушының өмір жолына бағыт-бағдар ұсыну. Өзінің бойындағы ерекше қабілетті ашып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашу. Келесі оқу жылында жалғасын тауып, оқушыларды қызықтырған жаңа бағыттар қосылады деген ойдамыз.

Мақпал
НОҒАЙБАЕВА



Әлемде дүниеге егіздің келуі – қызық құбылыс саналады екен. Егіз ғана емес, үшәм, төртәм, кейде одан да көп сәби өмірге келіп жатады. Медицинаның дамығаны сонша, бала қандай жағдайда дүниеге келсе де, дәрігерлер жанын сала қарап, аман-есен босандырып жатады. Егіздер туралы ақпарат ғаламторда көп. Ал мен өзімнің егіз қыздарымды қалай өсіріп жатырмын? Күнделікті өмірде олардан көріп-байқап, түйгенімді жазайын дедім.

Жақсылығын айта білейік!



Егіздер өзгеше болады. Мінез-құлқы ауыспалы келеді. Біреуі жыласа, екінші үнсіз жата береді. Кейде керісінше: екеуі бірдей оянып, бірдей жылап, бірдей күледі. Қызығы сол, олар көп нәрсені бір уақытта, бірдей істейді. Мысалы, ұйықтап жатып, біреуі он жағына аунаса, екіншісі де сол сәтте тура соны қайталайды. Шартты рефлекс дерсіз.

Дана қазақ «Тете бала бірін-бірі тәрбиелейді» демей ме. Ал егіздердің жайы тіптен бөлек. Олар әдетте бір-бірімен сөйлесіп, әңгімелесіп, ойнап жүреді де, аяқ астынан ұрсып-төбелесіп қалады. Біреуіне бөтен адам тиіссе, бірінің үстіне бірі түсе қорғап, көмектесіп, бауырмалдықтың ерекше үлгісін көрсетеді.


Қазақ математика мектебін салушылардың бірі - академик Тынысбек Қалменов: «Төрт баладан кейін баланың бесеу болғаны не, алтау болғаны не — бәрібір емес пе? Оларды бағып-қағу мәселесіне келгенде онша үлкен айырмашылық болмай қалады екен. Ең қызығы, балалардың өзі де көп болғанды өте жақсы көреді. Олар бізден бұрын тағы бір ініміз немесе қарындасымыз болса екен деп күтіп жүреді. Тіпті мен сізге айтайын, болашақ сәбидің ұл, не қыз болып туатынына дейін сезіп отырады. Өзара таласып, келісіп, дүниеге келер бауырларының атына шейін қойып алады. Баланың қанша болуы, шын мәнінде, әйелге де байланысты. Мен жастау кезімде келіншегіме әзілдеп: «Иә, данышпан, бір бала табасың, иә, он бала табасың» деуші едім. Әр баланың өзінің несібесі болатынын ұмытпауымыз керек. Тәтті тамақты, әдемі киімді, жалпы дүние-малды ойлайтын болсаң, еш уақытта он балаң болмайды», — депті бір сұхбатында.

Қай мемлекет болсын, басты байлығы — оның халқы. Халқының көбеюіне қажет барлық жағдай жасау — сол мемлекеттің ең басты міндетінің бірі. Ана ретінде біз де сондай игіліктің дәмін татып отырмыз. Ақ халатты абзал жандардың өзіме көрсеткен көмегі, жасаған жақсылығы — бұл басты әңгіме. Соны айтайын. Жүктілігім

белгілі болып, ультратрадыстық зерттеуге барғанда, егіз екенін естіп бір жылап алдым. Әрине, қуаныштан! Алла бізге екі ұлдан кейін егіз қызды нәсіп етіпті. Шүкір! Уақыты келгенде перзентханаға бардым. Алдын ала ешқандай дәрігермен келісіп, мені босандырып алыңыз деп ешкімге өтініш айтпадым, ешкімге жүгінбедім. Уақыты келді, Алматының Қалқаман ауданындағы №1 қалалық ауруханаға түстім. Қасымда женешем Назгүл бар. Дәрігер Ақбота Қанығаеваның қабылдауында болдым. Келбеті көз тартарлық керемет кісі екен. Жылы сөзін айтып қарсы алды. Перзентханаға келе жатқанымды осында босаңған келінім Шолпан дәрігерге ескертіп қойыпты. Күтіп отыр екен. Тексерді. Егіз екенін біліп танқалды. Өйткені қалада егіздерге арналған арнайы перзентхана бар екен. Менің сол жакка баруым қажет. Оған жеткенше, жарты жолда босанып қалуым мүмкін. Тәуекел деп, өз жауапкершілігіне алып, босандыруға кірісті. Сабырлы, салмақты. Жұмсақ үнімен ақыл-кенесін айтып жатыр. Екінші сәбиді ота жасап алуға тура келетінін де ескертті. Қағазға қол қойдырды. Алла қолдап отаға жүгінбедім. Сөйтіп, Ақбота ханым екі қызымды аман-есен босандырып, бауырыма салды.

Сол күні перзентхананың барлық басшылары, дәрігер, медбикелері менің басымда тұрды. Бәрі тілеуімді тіледі. Ақушер өз ісінің нағыз маманы екенін дәлелдеп, біліктілігінің арқасында теріс келген сәбиді аман-сау жарық дүниеге әкелді. Ақбота Мелісқызына алғыстан басқа айтарым жоқ! Қазақтың саны өсіп, қара домалақтардың өмірге аман-сау келіп жатқаны, әуелі Алланың, содан кейін Ақбота сияқты білікті дәрігерлердің арқасы! Біз көп жағдайда дәрігерлерден кемшілік іздейміз. Бірақ артықшылығын айтқымыз келмейді. Адам жанының арашасын қорғауды, құрметтеуді ұмытпайықшы!

Еңлік АҚЖІПТ,
журналист



БІАҒЕННІ
МАРЖАН

Дүмнілдек

Дүмнілдек — өте көне халық ойындарының бірі. Ойын шилі, қараңғы, жыралы жерлерде ойналатын болған. Жиналған ойыншылар екі топқа бөлінеді, бір тобы «қойлар», екінші кішірек топ «қасқырлар» болады. «Қасқырлар» «қойларды» андиды. Ал «қойлар» «қасқырлардың» көзіне түспеуге, ұстатпауға тырысады. Ойын «қасқырлардың» «қойларды» түгелдей ұстауымен аяқталып, қайта жалғасып отырады. Ойыншылар орын ауыстырады.

Е.С.САҒЫНДЫҚОВ,
«Қазақтың ұлттық ойындары»



Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА

компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Қуаныш РАХМЕТ — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімі

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен ҚӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат

(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)

тел: (727) 273-12-04, 273-12-54

Тапсырыс — №2268;

Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Ait-Astana» әуесқолының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі

Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.